



Сыр бойы

№5
(20478)



Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12 қаңтар, бейсенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/

www.instagram.com/syrboyi_kz

https://twitter.com/syrboyi

t.me/syrboyi_kz

2 Ауыл мұқтажына көңіл бөлсек



3 Білімді, тәлімді ұрпақ – біздің жұмысымыздың басты көрсеткіші



4 Келте тонды Келменбет батыр



ПРЕЗИДЕНТ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Президентке – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысына Қорғаныс министрлігінің бытыр атқарған қызметінің нәтижелері туралы есеп беріліп, осы жылға арналған жоспары таныстырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа әскери дайындықтың жай-күйі, Қазақстан армиясының құрамы мен құрылымын жетілдіру, жүргізілген жедел және жауынгерлік әзірлік шаралары жөнінде ақпарат берілді.

Генерал-полковник Руслан Жақсылықов бытыр Арнайы операциялар күштері құрылғанын, десанттық-шабуылдау әскерінің әлеуеті артып келе жатқанын жеткізді. Сондай-ақ қазіргі сын-қатерлер мен қауіптерге байланысты әскердің жауынгерлік әзірлік бағдарламасы қайта қаралды.

Мемлекет басшысына армиядағы жағымсыз жайттардың алдын алу, жастардың әскери борышын орындауға деген құлшынысын арттыру, сондай-ақ әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін жетілдіру жөнінде қорғаныс ведомствосының қабылдап жатқан шаралары туралы мәлімет берілді.

Қорғаныс министрі Қарулы Күштерді заманауи техникамен және қару-жарақпен жабдықтау, ауамақтық қорғаныс әскерін дамыту, әскери инфрақұрылымды жетілдіру және бітімгерлік мүмкіндіктерін кеңейту жөнінде баяндалды. Сондай-ақ пайдаланылмайтын әскери мүлік пен қару-жарақты жою шаралары туралы есеп берді.

Бұдан бөлек, Жоғарғы Бас қолбасшыға жауынгерлік әзірлікті шыңдау, кең ауқымды, соның ішінде халықаралық деңгейдегі әскери оқу-жаттығу жиындарын өткізуге қатысты биылға жоспарланған іс-шаралар туралы баяндалды.

Кездесу соңында Президент әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығын сақтау, әскери ортадағы моральдық-психологиялық ахуалды жақсарту маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ министрлікке еліміздің қорғаныс қабілетін одан әрі арттыру, мерзімді әскери қызметке шақырудың көктемгі науқанын сапалы ұйымдастыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ПАРЛАМЕНТ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫС ӨТЕДІ

Мәжіліс Төрағасы ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы өкімге қол қойды.

«Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2023 жылғы 13 қаңтарда сағат 10.00-де Астана қаласында шақырылсын», – деп жазылған өкім мәтінінде.

МӨЗГІЛ МІНЕЗІ ӨЗЕН ӨЗЕГІНДЕ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Республикалық ақпарат құралдарында Түркістан облысы өкімдігінің «Шардара» су қоймасына байланысты дабыл қаққан ақпараты елді елең еткізгені рас. Бұл – дария бойында орналасқан біздің өңірге де қатысты жағдай.

Әділжан ҮМБЕТ, «Сыр бойы» 2-бет

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҚЫЗЫЛОРДА НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ БОЙЫНША КӨШБАСЫНДА

Кеше ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Селекторлық жиында 2022 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары туралы баяндалды.

Отырысқа министрлер мен онлайн режимде өңір әкімдері қатысып, Үкімет мүшелері мен мемлекеттік орган басшылары баяндама жасады.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуанышев Қызылорда өңірі негізгі капиталға салынған инвестиция қарқыны бойынша республикада I орында екенін атап өтті. Ведомство басшысы басқа да салалар бойынша Сыр өңірі алдыңғы көрсеткіштерге қол жеткізгенін мәлімдеді.

Жиында Үкімет басшысы өткен жылдың қорытындысы бойынша ел экономикасы қалыпты даму қарқынын сақтап қалғанын атап өтіп, бірқатар тапсырмалар берді.

«Өткен жылдың қорытындысы» 2-бет

бейнші ел экономикасы қалыпты даму қарқынын сақтап қалған. Барлық негізгі макроқорытындылар бойынша Ақмола, Алматы, Батыс Қазақстан, Жетісу, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Шығыс Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласында өсім байқалады» деді Ә.Смайылов.

Жиын барысында Премьер-министрдің орынбасары – Қаржы министрі Ерұлан Жамаубаев, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев, Энергетика министрі Болат Ақшоларов және Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев өз салалары бойынша жыл қорытындысын ұсынды.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ



АУЫЛДЫ ҚОЛДАМАЙ, БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ ҚИЫН



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа президенттік мерзімге сайланарда ауылды өркендету ісін ерекше назарында ұстайтынын баса айтты. Президент ауылды дамыту мәселесі туралы Жарлыққа қол қойып, Үкіметке ауылды дамытудың 5 жылға арналған нақты жоспарын әзірлеуді тапсырды. Сондай-ақ, шағын несиелер беру арқылы ауыл шаруашылығы кооперациясын дамыту кеңінен қолға алынбақ. Жоба бойынша 7 жыл ішінде 1 млн-нан аса тұрғынды қамтып, 1 трлн теңге бөлу және 350 мыңнан аса жұмыс орын құру жоспарланатын отыр. Бұл бастамалардың басты мақсаты – азық-түлік қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету.

Осы ретте, ауыл шаруашылығын қолдау шараларын өңірімізде жүйелі жүзеге асыру маңызды. Бұл мақсатта облыстық ардагерлер кеңесінің жанынан өңір экономикасын жақсарту жөніндегі комиссия құрылған. Комиссия азық-түлік пен ауылдың жағдайына алаңдаушылық білдірген көптеген сала жетекшілерінің ой-пікірлерін жинақтап, облыс басшылығына нақты ұсыныстар әзірлеуде. Онда қамтылған мәселелер туралы комиссия төрағасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, зейнеткер Қамбар Әжібековпен пікірлесудің сәті түсті.

Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы» 2-бет

ӨРКЕН

ЖАҢА ЖОБАЛАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ Сыр елінде 131 нысанның құрылысы жүргізілуде

Сырбаз Сырдың сырлығы қаласы – Қызылорда қарқынды құрылыс аймағына айналған өңір. Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қолдауымен аймақта тың жобалар өркен жайып, ауқымды инвестициялар тартылып, тіректі салаларда серпінді қадамдар жасалуда. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі бірқатар деректерді ұсынды.



Соңғы 8 ай ішінде өңірде инвестиция қарқыны артты. Республикалық бюджеттен қаржы тарту көлемі биылғы жылға едәуір көбейді. Мәселен, биыл республикалық бюджетте құрылыс, жол, энергетика салаларының өзінше 62,8 млрд теңге қаражат қаралмақ. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 100 млрд теңгеге дейін жеткізу жоспарланды. Ал облыстық бюджеттен елді мекендерді дамытуға 15-20 млрд теңге бөлу жұмыстары жүргізілмек.

Демек, 2022 жылдың алғашқы айларында инвестиция қарқынымен салыстырғанда өсім 5 есеге ұлғаймақ. Қомақты қаражаттардың нәтижесінде аймақта ауқымды жұмыстар бастау алып, жаңа жобалардың тамырына қан жүгіреді.

Биыл өңірде жаңадан 131 нысанның құрылысы жүргізіледі. Тарқатып айтқанда, білім саласында 22,3 млрд теңгеге 22 нысан салынамақ. Оның 10-ы «Жайлы мектеп» жобасы аясындағы жаңа мектептерге тиесілі.

Ірі нысандардың бірі ретінде Сырдарияның сол жағалауынан 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орынға арналған физика-математика бағытындағы мектеп-интернаттың құрылысын жүргізуге қолдау табылды.

Денсаулық сақтау саласында 16 нысанды салуға 5,2 млрд теңге қаржы бөлінбек. Оның ішінде 12 дәрігерлік амбулатория, онкологиялық орталық, Қан орталығы, Секссуал кентінде 40 төсектік аурухана салынады және Арал қаласында туберкулезге қарсы орталық қайта жаңғыртылады.

Мәдениет саласында да ауқымды жобалар іске асады. Құны 4,5 млрд теңгеге құрайтын 11 нысан ел игілігіне бағытталмақ. Айталай, жанадан 8 ауылдық клуб, Қызылорда қаласында көпсалалы кешен, Неке сарайы, Әйтеке би кентінде 600 орындық клуб құрылысын жүргізу жоспарға енді.

Спорт бағытында жаңадан 7 нысан салу бастамасы бар.

Оның басым бөлігі ауылдық жерлерде салынады. Мұнан бөлек, Қызылорда қаласындағы көпсалалы денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы жүргізіледі.

Аймақта тұрғын үйлер салуда сәтті бастама бар. Биыл 23 тұрғын үйдің құрылысы жүреді. Оның ішінде сатып алу құқығынсыз жалға берілетін 12 үй, кредиттік 11 тұрғын үй. Мұнан өзге, сол жағалау бойынан 84 пәтерлі 7 қабатты 6 тұрғын үй бой көтереді.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақта туған жеріне жанашыр демеуші азаматтарды ортақ іске біріктіріп, 9 млрд теңгеден асатын ауқымды жобалардың жүзеге асуына дәнекер болды.

Жыл соңына қарай құны 3,7 млрд теңгеге 1000 орындық Өнер орталығы ел игілігіне беріледі. Шаньрақ көтеруге ниеттенген жастар үшін құны 1,6 млрд теңгеге құрайтын заманауи үлгідегі Неке сарайы да есігін айқара ашады.

Белгілі кәсіпкер, меценат Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен құны 1,5 млрд теңгеге құрайтын «Аналар үйі» орталығының құрылыс жұмыстары жүруде. Өңірдің Түркістан облысымен шекараласатын тұсынан демеуші есебінен құны 200 млн теңгеге облыстың кіреберіс қапқасы салынады.

Аудандар мен шағын ауылдарда жаңа нысандар салу бастамасы орнықты түрде жүруде. 200 орындық Оқушылар үйі мен 50 орындық Өнер мектебі, «Балықшылар монументі» мен аллея ашылды. Тағы бір ауданда заманауи демалыс паркі ел игілігіне берілді. Мұнан бөлек, «Еңбекшілер аллеясы» бой көтерді.

Облыс орталығындағы жолаушылар тасымалы қызметін жақсарту мақсатында өткен жылы алынған 150 автобустың 100-і келсе, биыл қосымша тағы 150 автобус алуға қаржы бөлініп, автобус паркі 300 жаңа көлікпен толығады.

Қаланың негізгі қақпасы – әуежай да қайта жаңарды. Ақпан айында шамамен құны 12 млрд теңгеге құрайтын «Қорықт ата» әуежайының жаңа терминал құрылысы басталады. Терминалды салуға Болат Өтемұратов қоры ниет білдірді.

«ҚазГерМұнай» бірлескен кәсіпорнымен келісім нәтижесінде облыс орталығында заманауи үлгідегі «Оқушылар сарайының» жобасы жүзеге асады. 7 мың адамға арналған «Қайсар» футбол командасы жаңа стадионының құрылысы басталады. Жаңа стадион құрылысына «Саутс Ойл» компаниясы демеушілік етуге ынта білдіріп, жобалау жұмыстары атқарылуда.

Өңірде әр жыл сайын бірнеше елді мекенге табиғи газ тартылып, қаншама отбасы «көгілдір отынның» қызуын сезінді. 2022 жылы 7 ауылдағы 15 мың халық «көгілдір отын» игілігін көріп, отын жағып, құл шығару бейнетінен арылды. Нәтижесінде аймақ тұрғындары табиғи газбен қамту үлесі 68 пайызды құрады. Өткен жылы бастау алған 7 жоба мен жаңадан 8 жоба биыл іске асады. Осылайша жыл соңына дейін тұрғындардың газға қол жеткізу көрсеткіші 72 пайызға жетеді.

2-бет

ЖАҢА ЖОБАЛАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ Сыр елінде 131 нысанның құрылысы жүргізілуде

Бүгінгі күні Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр қалалары 100 пайыз ауызсумен қамтылған. Өңірдегі 230 ауылдық елді мекен тұрғындарының 98 пайызы орталықтандырылған ауызсу тұтынады. Быыл ауылдық жердегі 20 елді мекенді топтық су құбырына қосу, ішкі су жүйелерін салу және су тазарту қондырғысын орнату жұмыстары жасалады.

Быыл қала аумағын толықтай жылумен қамтитын түрік инвесторларының қолдауымен іске асырылатын құрылысы басталады.

Осы жылы 2,1 млрд теңге сомасына 5 жоба Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігіне ұсынылып, оның 2 жобасы 923 млн теңгеге қолдау тапты. 9 жоба республикалық бюджетті нақтылау кезінде ұсынылатын болады.

Жол сапасын жақсартуда жана жобалар аз емес. 2022 жылмен салыстырғанда жолға бюджеттен қаржы 2 есеге артып, Быыл ұзындығы 440 шақырымды құрайтын автомобиль жолдары мен көшелерді жөндеуге және 11 көпірді салуға және жөндеуге 14,8 млрд теңге бөлінді.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы арқылы Қызылорда қаласына қарасты 6 елді мекеннің көшесі және 7 ауданның орталықтары мен бірге 25 ауылдағы 100-ден аса ішкі көшелер толықтай жөндеуден өтеді. Жөндеу жұмыстарының нәтижесімен жыл соңына қарай өңірдегі жолдардың жақсы және қанағаттанарлық көрсеткіші 87,5 пайызға жетеді.

Өңірдегі әрбір жобаның уақытылы әрі сапалы түрде іске асырылуы облыс әкімінің тікелей бақылауында болады.

«СБ» ақпарат

ӨЗЕН ӨЗЕГІНДЕ АХУАЛ ҚАНДАЙ?

Осы мәселеге байланысты Экология және табиғи ресурстар министрі Зулфия Сұлейменоваң төрағалығымен кеңес өтті. Онда Сырдария өзені бойындағы ахуал мен «Шардара» су қоймасындағы жағдай кеңінен талқыланды.

Білігіміз, Қырғызстандағы «Токтоғұл» су қоймасынан су ағыны ұлғайтып отыр. Өткен жылғы қазан мен желтоқсан аралығында «Шардара» су қоймасынан түсетін су көбейген. Мемлекетаралық су шаруашылығын үйлестіру комиссиясының болжамды кестесі бойынша орта есеппен желтоқсанда су қоймасына секундына 880 текше метр деп белгіленген еді. Нақты келгені секундына 1400 текше метрді құрады.

10 қаңтардағы көрсеткіш бойынша «Шардарадағы» судың нақты көлемі 4 млрд 070 млн текше метрді шамалайды. Ол жылылық көлемнің 78 пайызы. Өткен жылмен салыстырғанда 1 млрд 683 млн текше метрге артық. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өткен жылғы 13 желтоқсаннан бастап қоймадан су босату секундына 500-ден 700 текше метрге, 15 желтоқсаннан 800, 19 желтоқсаннан 900 текше метрге дейін ұлғайтылды. Ал 4 қаңтардан бастап секундына 1000 текше метрге артты.

Сырдария өзенінің төменгі ағысында 15 желтоқсаннан бастап «Көксарай» су реттегішіне 300, 6 қаңтардан 600 текше метр су түсуде. «Көксарайдан» Сырдария өзенінің төменгі ағысына 600 текше метр су жіберіледі.

Кейінгі күндері Тәжікстандағы «Бахри-Точик» су қоймасынан төменгі ағысқа түсетін су азайды. Нәтижесінде «Шардараға» 10 қаңтардан бастап 933 текше метр су жіберіледі. «Шардараның» ендігі бос сыйымдылығы 1 млрд 130 млн, «Көксарай» су реттегішінде 2 млрд 103 млн текше метрді құрайды. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында министрлік тарапынан іс-шаралар жоспары әзірленді. «Шардара» су қоймасының жұмыс режимі және жалпы Сырдария өзені бассейніндегі су жағдайы министрліктің ерекше бақылауында.

Бұған дейін түркістандық мамандар 22 ауылды су басу қаупі бар екені жөнінде дабыл қақты. Онда 34 мыңнан астам адам тұрады. Бір-екі жыл бұрын мақтаралық шаруалар Өзбекстандағы «Сардоба» су қоймасындағы апаттың зардабын тартты. Сондықтан олардың «Сақтыққа қорлық жоқ» деген қағиданы ұстануы заңдылық.

Өрине, Қызылорда өңірі тұрғындарының негізгі тіршілік көзі Сырдария суына тәуелді. Біз өз тарапымыздан дарияны ұдайы бақылап отырмыз. «Шардараға» жоғарыдан құйылатын су деңгейі әлсін-әлсін жыл басынан бері төмендеп келеді, – деді Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясының басшысы Сейітбек Нұрымбетов.

Мамандардың айтуынша, қорғаныс бөгеттері қатаң бақылауда тұр. Сең қозғалысын қиындатып өткіземіз деген болжам бар.

Есептеулер бойынша сыйымдылығы 2,5 млрд текше метрге лайықталған «Көксарай» су реттегішінде қазір 600 млн текше метрге жуық су бар.

Түркістандық мамандар «Шардара» қоймасындағы суды тиісті деңгейде ұстау қажеттігін көлденен тартып отыр. Нақтырақ айтқанда, ол жалпы көлемінің 70 пайызынан аспауы қажет. Осыған байланысты іргелес өңір оқыс оқиғалардың алдын алу мақсатында Үкімет деңгейінде штаб құру жөнінде тиісті орындарға хат жолдады.

Кейінгі жылдарда «Шардара» су қоймасының техникалық жағдайына байланысты түрлі пікірлер айтылуда. Десе де бүгінде онда сейсмотұрақтылығын қайта жаңғырту және артыру бойынша нақты жұмыстар жүзеге асты. Ол толық жөндеуден өткеннен кейін 7 балдық жер сілкінісіне дейін төтеп беретін төзімділікке ие болатын көрінеді.

1-бет

ҚЫЗЫЛОРДА НЕГІЗГІ КАПИТАЛҒА САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯ БОЙЫНША КӨШБАСЫНДА

Мұнан бөлек, жиында ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Роман Скляр алдағы егін ету маусымы қарсаңында жанар-жағармай тапшылығын тудырмас үшін ауыл шаруашылығы тауарөндірушілерін дизель отынымен қазірден бастап қамтамасыз етуді ұсынды.

Үкімет тапсырмаларын орындау бойынша селекторлық жиынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев экономикалық өсімді қалыптастыру бағытында және бөлінген қаражатты уақытылы әрі

1-бет



мақсатқа сай игеру бойынша қала, аудан әкімдері мен басқарма басшылары бірқатар тапсырмалар жүктеді.

«Өткен жылды жақсы нәтижелермен қорытындыладық, аймағымыз әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылуы бойынша республикада алдыңғы қатарда. Быыл да жұмыс қарқынды төмендетпей, межелі міндеттерді уақытылы орындау керек. Өсіресе, инвестиция тарту көлемін одан әрі ұлғайтып, жана жобаларды ұсыну қажет. Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына

және қала, аудан әкімдеріне «Байқоңыр» ӨЖК-мен бірлесіп облыстағы әрбір өнеркәсіп нысаны бойынша егжей-тегжейлі талдау жұмыстарын жүргізіп, нәтижесімен облыстың өнеркәсіп өндірісінде, өңдеу өнеркәсібінде оң тенденция қамтамасыз етудің нақты ұсыныстарын енгізуді тапсырамын» делі аймақ басшысы.

Облыс әкімі ауа райының салқындауына байланысты аймақ бойынша барлық әлеуметтік нысандарда отын қорының жеткілікті болуын, жанар-жағармай қорының сақталуын бақылауда ұстауды тапсырды.

АУЫЛДЫ ҚОЛДАМАЙ, БОЛАШАҚТЫ БОЛЖАУ ҚИЫН

ЕҢ ҮЛКЕН ҚОЛДАУ – ЖҰМЫС ОРНЫ

– Аграрлық саланы дамыту, ауылдарды көркейту үшін, ең алдымен, «Болашағы жоқ ауыл» деген ұғымнан артылу керек, – дейді Қамбар Әжібеков. – Осы ғасырдың басында елімізде 7 мың ауыл бар еді. Қазір 6200-і қалды. Қызылорда облысында 270 еді, қазір 230. Бәрі болашағы жоқ деген сөзден. Халқы азайып қалды, тарату керек дейді. Сөйтіп, біз 24 ауылды таратыптыз. Неге? Халықты қалаға жинап алып, тұрғын үй, су, жылу, жарық сияқты мәселелермен күнде бетпе-бет келіп отырмыз. Оның орнына ауылда қалу үшін жағдай жасау керек. Ал ең үлкен қолдау – жұмыс орнын ашып беру.

Әрине, бұл мәселені ауыл әкімі шеше алмайды. Есесіне «Байқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы, өңірлік инвестиция орталығы, ауыл шаруашылығын қолдау қоры секілді құрылымдардың қаржысын жүйелі басқарып, жоспарлы түрде жұмсау қажет.

Мымсалы, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау басқармасы жұмыссыздарға бір реттік грант есебінде 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде қаржы береді. Оны алған адамның бәрі тиісті мақсатына жұмсамайды. Сол қаржыға той жаппас немесе несіесін жауып жатқандар да бар. Ал соны қолға бермей, оның орнына кәсіп істеуге қолайлы жағдай туғызға жұмсауға болады.

Сондай тәжірибені Жамбыл облысынан көруге болады. Онда ауыл халқына мал алып берген де, белгіленген мерзімнен кейін малдың басын бересің, өсімі өзіңде қалады деген. Сөйтіп, біраз адамды жұмысты қылды. Осындай тәжірибені бізде де қолға алуға не кедерісі?

КЕЙІН ТЕОРИЯСЫ

Бір жағынан бұл – әлемдік экономикада бар үрдіс. Экономиканы мемлекеттік реттеу деп аталады. Өркениетті елдер нарықтық қарым-қатынасты бетімен жіберіп отырған жоқ. Бәрі де мемлекеттік мүддені қорғау мақсатында экономиканы реттеу мәселесімен терең айналысады. Бұл – бүгінгі күннің талабы.

1-бет

Мұны кейіншілік дейді, яғни экономиканы мемлекет реттеуді жақтайтын экономикалық саясат. Бұл бағыттың негізін қалаушы – ағылшын ғалымы Джон Кейнс. Оның осы теориясы негізінде экономиканың екінші құрамдас бөлігі – макроэкономика қалыптасты. Кейінгі бұл теориясы әлемге кеңінен танылды. Сондықтан экономиканы бетімен жібермей, мемлекет өзі реттеп отырғаны жөн. Бұл – Үкіметтің жауапкершілігіндегі шаруа.

Тағы бір мәселе атакәсібіміз – мал шаруашылығына байланысты. Кеңес үкіметі кезінде елімізде 1,5 млн қой болды. Қазір соның жартысы да жоқ. Сондықтан қазақты атакәсібіне қайта апару үшін де жағдай керек. Ауылдағы жұмыс істейтін азаматтарға тұрақты, жақсы жалақы қажет. Себебі, қалаға кеткен ауылдықты қайтару да қиын. Өңірде өмір сүруін тоқтатқан 24 ауылдағы зираттар да иесіз қалды. Оны тарих кешірімейді. Мүмкін ауылда тұрғаны үшін азаматтарға қосымша қаржы төленуі керек шығар. Ауыл өнімдерін де мемлекет өзі сатып алып, әлеуметтік дүкендер арқылы сатуды кең көлемде қолға қойса, бағаға да бақылау болар еді.

Мемлекет өзін өзі асырай алу үшін ауыл шаруашылығының жалпы ішкі өнімдегі үлесі 25-30 пайыз болуы керек. Ал бізде – 5 пайыз. Бұл – ауыл шаруашылығындағы солақай саясаттың салдары. Әйтпесе, 1990 жылдардың басында бұл көрсеткіш 25 пайыз болатын. Сапаршылар мөлміетінше, жеріміз 100 млн халықты асырауға жетеді. Сондықтан, 19 млн халықты азық-түлікпен қамти алмау ұят жағдай екені анық.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛАЙ ҚОЛДАЙМЫЗ?

Облыстық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған комиссия өз ұсынысында негізінен өңір экономикасы үшін өзекті екі мәселені көтеріп отыр. Бірінші мәселе – ауыл шаруашылығын қалай қолдаймыз? Қандай мүмкіндіктер бар?

– Саланы қолдаудағы негізгі мақсат – облыс өндіруге қабілетті өнімді өзі өндіре алуы тиіс. Еліміз әлеуметтік маңызды бар 19 түрлі азық-түлік өнімінің 6-ын сырттан сатып алады. Бұл – шынында

ұят нәрсе. Айталық, алманың 32 пайызын сырттан аламыз. Кезінде Атырау облысын басқарған Бақтықожа Ізмұхамбетов бастамашы болып, жері мұнайлы, тігіншілерді дайындайтын үш кәсіптік-техникалық білім беру орындары бар. Олар мектеп формасына деген сұранысты толық қанағаттандыруға қауқарлы. Оған қоса, мектеп формасына тапсырыс беру мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізілмейді. Тапсырысты беретін – мектеп, ақшасын төлейтін – ата-ана.

– Мұндай мысалдар көп. Айталық, қарапайым заттар экономикасы дегенді жиі айтып жүрміз. Соны қарапайым ғана сыпырғыдан бастаса да болады. Облыста сыпырғының өзін ешкім етіп алып жүрген жоқ. Түркістан, Шымкент өңірлерінен алып келеді. Әр ауданнан бір шаруашылық қолға алса да, облыс өз қажетін өзі өтер еді. Сондықтан, комиссия ұсыныстарының ішінде жеңіл өнеркәсіпке қатысты бірқатар мәселелерді де қамтып отырмыз, – деп толықтырды Қамбар Әжібеков.

Қарапайым заттар экономикасы, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен құрылысқа қажет өнімдерді өндіруді мемлекет субсидиялап, несие бергеннен кейін, мемлекет өз ақшасына өзі ие болуы керек. Осы орайда биылдан бастап әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларын жеткізуде форвардтық қаржыландырудың жана тәсілдері енгізілетінін айта кеткен жөн.

Форвард – қарапайым тілге көшірсек, шаруаларды алдын ала қаржыландыру. Керекті көлеміне қарай шаруаларға алдын ала көктемде ақша беріп, күзде өнімін жинап алу. Мұндай шара өз кезегінде дүкендерде көкөніс бағасының тұрақты болуына септігін тигізеді. Бұл тәжірибе бұған дейін Солтүстік Қазақстан облысында болды.

Салаға форвардтық қаржыландыру сияқты нақты қолдау көрсетудің уақыты баяғыда-ақ келді. Себебі, Қызылорда облысы әлеуметтік маңызды азық-түлік түрлерінің үшеуімен ғана өзін өзі қамтамасыз етеді. Қалған 16 түрі сырттан тасымалданады.

Аграрлық саланы дамытудағы тағы бір үлкен мәселе – суды үнемдеу. Жері тастақты, шөлді дейтін Израиль мемлекеті тамшылатып суарудың арқасында экспортқа өнім шығарып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін реттеудегі маңызды бағыттың бірі суармалы егістік десек, тамшылатып суару технологиясын кеңінен пайдалану керек.

ӨНЕРКӘСІПТЕГІ ӨТКІР МӘСЕЛЕЛЕР

Комиссия көтеріп отырған екінші мәселе – жеңіл өнеркәсіп. Біз басқа киім түрлерін айтамында, іш киімнің өзін тікпейміз. Түркия мен Қырғызстаннан тасимыз. Бұл да – қолымыздан келетін іс. Қарапайым мектеп формасынан бастайық. Өңірде 180 мыңдай

оқушы бар десек, солардың барлығына 2025 жылдан бастап бірыңғай мектеп формасы енгізілмек. Ал аймақта жеке тігін цехтарын айтпағанның өзінде, тігіншілерді дайындайтын үш кәсіптік-техникалық білім беру орындары бар. Олар мектеп формасына деген сұранысты толық қанағаттандыруға қауқарлы. Оған қоса, мектеп формасына тапсырыс беру мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізілмейді. Тапсырысты беретін – мектеп, ақшасын төлейтін – ата-ана.

– Мұндай мысалдар көп. Айталық, қарапайым заттар экономикасы дегенді жиі айтып жүрміз. Соны қарапайым ғана сыпырғыдан бастаса да болады. Облыста сыпырғының өзін ешкім етіп алып жүрген жоқ. Түркістан, Шымкент өңірлерінен алып келеді. Әр ауданнан бір шаруашылық қолға алса да, облыс өз қажетін өзі өтер еді. Сондықтан, комиссия ұсыныстарының ішінде жеңіл өнеркәсіпке қатысты бірқатар мәселелерді де қамтып отырмыз, – деп толықтырды Қамбар Әжібеков.

Қарапайым заттар экономикасы, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы мен құрылысқа қажет өнімдерді өндіруді мемлекет субсидиялап, несие бергеннен кейін, мемлекет өз ақшасына өзі ие болуы керек. Осы орайда биылдан бастап әлеуметтік маңызды бар азық-түлік тауарларын жеткізуде форвардтық қаржыландырудың жана тәсілдері енгізілетінін айта кеткен жөн.

Форвард – қарапайым тілге көшірсек, шаруаларды алдын ала қаржыландыру. Керекті көлеміне қарай шаруаларға алдын ала көктемде ақша беріп, күзде өнімін жинап алу. Мұндай шара өз кезегінде дүкендерде көкөніс бағасының тұрақты болуына септігін тигізеді. Бұл тәжірибе бұған дейін Солтүстік Қазақстан облысында болды.

Салаға форвардтық қаржыландыру сияқты нақты қолдау көрсетудің уақыты баяғыда-ақ келді. Себебі, Қызылорда облысы әлеуметтік маңызды азық-түлік түрлерінің үшеуімен ғана өзін өзі қамтамасыз етеді. Қалған 16 түрі сырттан тасымалданады.

Аграрлық саланы дамытудағы тағы бір үлкен мәселе – суды үнемдеу. Жері тастақты, шөлді дейтін Израиль мемлекеті тамшылатып суарудың арқасында экспортқа өнім шығарып отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі мәселесін реттеудегі маңызды бағыттың бірі суармалы егістік десек, тамшылатып суару технологиясын кеңінен пайдалану керек.

АУЫЛ МҰҚТАЖЫНА КӨҢІЛ БӨЛСЕК

– Ауылдарды сақтап қалудың тағы қандай амалдары бар еді деген сұрақ орала береді, – дейді ендігі сөзінде белгілі қаржыгер. – Ауылда әлеуметтік сала мамандарын ұстап тұру да үлкен мәселе болып отыр. Қолданыстағы «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамыту» мемлекеттік реттеу туралы Заң бойынша ауылдық жерлерде тұратын мамандарға жергілікті мәслихаттардың шешімдерімен лауазымдық айлық жалақыларына 25 пайыздан кем емес, қалаларға қарағанда, жоғарылатылған төлемге төлеу, бюджет есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау мәслихат

бекіткен тәртіппен және мөлшерде көрсетілетіні қаралған. Бұған қоса, мамандар қызметтік тұрғын үймен немесе жалдамалы үймен қамтамасыз етілуі белгіленген.

Енді осы жеңілдіктер нақты қалай іске асып жатыр? Облыста аудандық мәслихаттардың шешімі бойынша жалақыға үстеме тек 25 пайыздық мөлшерде төленуде. Бірақ заң оны көбейтуге рұқсат беріп тұр. Заңның аясында осы жалақыны көтеруге болар еді. Тұрғын үймен қамтамасыз ету барлық жерде бірдей қолға қойылмай отыр.

Мысалы, кеңес үкіметі кезінде, 1960 жылы коммуналдық қызметке қатысты заң болған еді. Сол заңға сәйкес үйдің әр шаршы метрін жылытуға 50 келі көмір, 12 келі ағаш отын, жарықтан 384 киловатт тегін беретін. Ай сайын бір адамға 1,5 текше метр суды дифференциалды бағамен беретін. Қолдаушы осындай түрлері бар еді. Қазір қыстық отынға деп 4 айлық есептік көрсеткіш көлеміндегі қаржы беріледі. Бұл – шамамен 0,7 тонна көмірдің құны. Су мен жарықтан жеңілдік жоқ. Бірақ бұл норма Заңмен шектелмеген, жергілікті мәслихаттар өзі айқындап отыр.

Қамбар Әжібековтың айтуынша, мамандардың ауылдық жерлерде қызмет атқаруын ынталандыру мақсатында оларға қорғалытын қолдауларды ұлғайтқан абзал.

– Мамандарға лауазымдық жалақыларына төленетін үстеме мөлшерін тұрақты «40 немесе 50 пайыз» деп заңмен бекітсе. Әкімдер мен мәслихаттардың өздері-ақ елді мекендердің алшақтығына, даму деңгейіне қарап, дифференциалды түрде үстеме мөлшерін бекітуге болады. Мысалы, облыстағы Қазалы ауданының орталығы Әйтеке би кентіндегі әлеуметтік сала қызметкерлері де, аудан орталығынан 120-200 шақырым қашықтықтағы Шақен, Қызылқұм кіндігіндегі Қаукей, Тасарық ауылдарында да қызметкерлер жалақыға бірдей 25 пайыз үстеме алуға, – дейді ол.

Ауылдың әлеуетін арттырудағы тіректерінің негізгісі – жергілікті өзін-өзі басқару. Біздің жағдайымызда шектен тыс орталықтандыру жүйесі қалыптасқан. Қалай дегенде де, орталық билік жер-жердегі әлеуметтік-шаруашылық мәселелерін жергілікті жердігерлерден жақсы білмейді. Мәселелерін толық шеше алмайды да. Оны ауыл, аудан халқының өзі ғана шешуі мүмкін.

Жергілікті өзін-өзі басқару негізінен ауылдық жерлерге өте қажет. Қазіргі таңда барлық ауылдық әкімдіктерде дербес бюджет бар деп есептеледі. Бірақ, оның бюджетіне аумақтағы бірқатар мекемелерді қаржыландыру жүктелмегені түйілі, оның кірістері шектелген. Немесе осындай «күзеген» бюджет шығыстарының 5 пайыздайын ғана өз кіріс көздерімен жабылуда. Аумақта жиналатын жеке табыс, әлеуметтік салықтардың барлығы орталықтандырылған.

Бір сөзбен айтқанда, жергілікті мәселелердің қаржылық шешілу деңгейі күрделі. Осы сенімсіздікпен жергілікті проблемаларды дер кезінде шешу, өзін өзі басқаруды тиісті дәрежеде атқару бағытында ауылдық жерлерге тиесілі биліктерін берген абзал. Осындай жағдайда ғана ауылдар өз мәселелерін өздері шеше алады.



1-бет

СҰХБАТ

БІЛІМДІ, ТӘЛІМДІ ҰРПАҚ – БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗДЫҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШІ

Тарих қойнауына енген ескі жылдың қорытындысы шығарылып, нәтижесі айқындалып жатқан кезде қоғамдағы ең іргелі салалардың көрсеткіштеріне ерекше назар аударатынымыз заңдылық. Соның бірі – білім саласы. Адамның білуге, үйренуге деген талпынысы артқан сайын білім беру жүйесінің жүгі ауырлап барады. Балабақша, мектепке дейінгі даярлықтан басталатын әр тармақтың бір мақсатқа жұмылатыны, ол мақсаттың білімді, тәлімді ұрпақ тәрбиесі екені анық.

Жоспарланған жұмыстардың жүзеге асуы саланы ілгерілетумен қатар, іс басында жүрген азаматтардың да еңбегіне көрсеткіш болады. Осы орайда облыстық білім басқармасының басшысы Мейрамбек Шермағамбетпен әңгімелесіп, жыл қорытындыларын сарапқа салған едік.



Жыл көлемінде білім сайыстарында жеңімпаз болған 81 педагог пен 200-ден астам оқушыға сыйсыяпаттар табысты. Сондай-ақ республикалық білім бәсекелерінде 14 ұстаз жүлдегерлер қатарынан көрінді. «Мектепке дейінгі үздік ұйым – 2022» республикалық байқауында «Бегім ана» бөбекжай-бақшасы жүлделі I орынды иеленді.

Өткен жылдың тағы бір жетістігі – ҰБТ нәтижесі бойынша 8 мектебіміз республикадағы «ТОП 100 мектеп» қатарына енді. Біз ізденіске құмар, балаларға озық білім беретін ұстаздарды қолдауды биыл да өз денгейінде жалғастыратын боламыз.

2022 жыл оқушыларымыз үшін де табысты болды. Сырбайлық 7 студент «ТОП 100 студент» республикалық байқауында үздік шықты. «Уорлдскиллс» ұлттық чемпионатында колледж студенттері 2 алтын, 1 күміс, 1 қола медаль олжалап, жетістігімізді еселеді, 402 Сыр өрені халықаралық республикалық дәрежедегі ғылыми жобалар мен олимпиадалардың (138), спорт турнирлері (247) мен конкурстардың (17) жеңімпаздары атанды.

Біздің жұмысымыздың басты көрсеткіші – білімді, тәлімді ұрпақ, осы мақсатқа жұмылғанда ғана нәтиже оң болады.

– Өткен жылы Мемлекет басшысы «Балалар жылы» деп жариялап, жыл бедерінде көптеген жұмыстар атқарылды. Әрине, бұл орайдағы жұмыстардың ең ауқымдылары сіз басқаратын саланың даяркершілігінде болғаны белгілі. Жыл аяқталды, атаулы жылды қорытындылағанда қандай жұмыстары ерекшелен айтар едіңіз?

– Өздеріңізге белгілі, аймақ басшысының бастамасымен «Балалар жылында» ауқымды жобалар жүзеге асырылды. Бірінші кезекте облыс басшысы Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі Оқушылар сарайын салу бойынша «Қазі ермұнай» компаниясы бастамасымен келісімге келді. Нысан биыл Сырдария өзенінің сол жағалауында бой көтереді. Бұған қосымша атаулы жылы облыста 80 спорттық-ойын алаңы салынып, пайдалануға берілді. Қызылорда қаласында көпбалалы отбасылар үшін 50 пәтерлік тұрғын үй салынып, қолданысқа қосылды.

Сондай-ақ, аймағымызда «Балалар жылына» орай 28 мектептен инклюзивті қолдау кабинеті, 47 балабақшадан логопункт және 2 аудандан инклюзивтік ресурстық орталық пен 2 балабақшадан аутизм кабинеті ашылды. Бүгінде осы арқылы балаларға әлеуметтік психологиялық-педагогикалық және түзету арқылы қолдау көрсетіліп, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың бұзылуына қарай жағдай жасалауда. Сонымен қатар арнайы білім беру ұйымдарының желісі арттырылып, «Балалар жылы» қарсаңында 1 аутизм орталығы ашылды.

Балаларды қорғау күнінде арнайы санаттағы балалар мен халықаралық пәндік олимпиада жүлдегерлеріне ноутбук, республикалық лагерге жолдам табысты. Жас жеткіншектерге «Еуразия», «Муз айдыны» спорт кешендеріне тегін абонемент үлестіріліп, балаларға рухани құндылықтарды насихаттау үшін 43 тегін спектакль қойылды. 5 мыңнан астам бала музейге тегін экскурсия жасады.

Жаз мезгілінде қала сыртындағы лагерлерде 8300 оқушы демалды. Республикадағы алдыңғы қатарлы тыңғын лагерлерінде жыл көлемінде 1350 баланың демалуына жағдай жасалды. Жалпы «Балалар жылы» аясында түрлі форматтағы 12 мыңға жуық шара ұйымдастырылып, оған 200 мыңнан аса бала қамтылды.

Жаңа жылдық шыршаға балалар үшін тәрбиеленушілері мен ерекше білім беруді қажет ететін, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, аса қамтылған және көпбалалы отбасының балалары, сондай-ақ оқуда, спортта, шығармашылықта жетістіктерге жеткен 8-14 жас аралығындағы барлығы 1000 бала шақырылды. «Балалар жылының» қорытынды шара-аламат республикалық, халықаралық олимпиада, ғылыми жобаларда үздік атанған 50 дарынды бала марапатталды. Бұл шаралар бір реттік емес, тұрақты түрде жүргізіледі.

Әңгімелескен
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА,
«Сыр бойы»

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры жұмыс істейтін азаматтарды әлеуметтік қорғаудың қосымша деңгейін жүзеге асырады. Жүйенің қаржы ресурстары жұмыс берушілердің өз жұмыскерлері, сондай-ақ, дара кәсіпкерлер мен жеке практикамен айналысатын адамдардың өздері үшін ең төменгі жалақыдан кем емес және жеті еселенген мөлшерінен аспайтын табыстың 3,5% мөлшерінде төленетін әлеуметтік аударымдары есебінен қалыптасады.

Сb Айнуір БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінде не өзгерді?

Биылдан бастап ең төменгі жалақының 70 мың теңгеге дейін артқан ескере отырып, әлеуметтік аударымдардың ең төменгі мөлшері айына 2450 теңгені (3,5%*70000 теңге), ал ең жоғары мөлшері 17150 теңгені (3,5%*7*70000 теңге) құрайтын болады.

Әлеуметтік аударымдардың уақытылы түсуі әлеуметтік тәуекелдердің 5 түрі – еңбек ету қабілетінен айырылу, асыраушысынан айырылу, жұмысынан айырылу, жұктілікке және босануға, сондай-ақ бала күтіміне байланысты кірісінен айырылу кезінде азаматтарға әлеуметтік төлемдер алуға қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік төлемнің 2 түрінң параметрлері өзгерді. Бірінші, жұмысынан айырылу жағдайында әлеуметтік төлем, ол жүйеге қатысушыға жұмысыз ретінде тіркелген күннен бастап еңбек өтіліне байланысты 1 айдан 6 айға дейін тағайындалады. Әлеуметтік төлемнің мөлшері әлеуметтік аударымдар жүргізілген жүйеге қатысушының соңғы 2 жылдағы орташа айлық кірісіне, жүйеге қатысу өтіліне және кірісті ауыстыру коэффициентіне байланысты болады.

Биылдан бастап кірісті ауыстыру коэффициенті 45%-ға дейін артады, бұл әлеуметтік төлем мөлшерінің орта есеппен 13%-ға өсуіне әкеледі. Айта кету керек, 1 қантардағы жағдай бойынша нақты төлем алушыларға 45% коэффициентті қолданыла отырып, біржолғы қайта есептеу автоматты түрде жүргізілетін болады. Облыс бойынша 931 алушыға төлем мөлшері ұлғайтылды.

Екінші, бала күтімі бойынша әлеуметтік төлемге қатысты. Бүгінде бала 1 жасқа толғанға дейін тағайындалатын болса, 1 қантардан бастап төлем ұзақтығы 1,5 жасқа дейін ұзартылды. Әлеуметтік төлем мөлшері кейінгі 2 жылда әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық кірістің 40%-ын құрайды. 1 қантарындағы жағдай бойынша балалары 2022 жылы туған нақты алушыларға төлем автоматты түрде ұзартылды. Облыс бойынша 5751 алушыға төлем мерзімі 1,5 жасқа дейін ұзартылды.

Сонымен қатар, атап өтетін жауап, жұмыскер үшін әлеуметтік аударымдар түскен жағдайда базалық мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша қордан ұзақмерзімді әлеуметтік төлемнің 2 түрі төленеді. Қордан еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайда әлеуметтік төлем жалпы еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесі белгіленген кезеңге тағайындалады және еңбек қызметін жалғастыруына қарамастан төленеді. Ал асыраушысынан айырылу жағдайында әлеуметтік төлем асырауындағылар 18 жасқа толғанға дейін, ал күндізгі оқу нысаны бойынша оқыған жағдайда 23 жасқа дейін төленеді. Сау-тып алу қабілетін қамтамасыз ету мақсатында бұл төлемдердің мөлшері жыл сайын артады. 1 қантардан бастап ұзақ мерзімді әлеуметтік төлемдердің мөлшері автоматты түрде 8,5%-ға өсті. Облыста 2921 алушыға еңбекке қабілеттілігінен айырылған жағдайға және 2590 асыраушысынан айырылған отбасына төлемдер мөлшері ұлғайтылды. Осылайша, жұмыс істейтін азаматтар алатын төлемдердің жиынтық мөлшері жұмыс істемейтін азаматтарға қарағанда көбірек етеді.

Сондай-ақ, төлемдерді қайта есептеу, арттыру және ұзарту автоматтандырылған режимде жүргізілетін, яғни алушыларға қосымша құжаттар жинаудың қажеті жоқ екенін ерекше атап өткен жөн.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесі туралы толығырақ апаратын қордың gfs.kz интернет-ресурсы арқылы, сондай-ақ қор мен филиалдардың әлеуметтік желідегі аккаунттарынан алуға болады.

– Мейрамбек Зинабдинұлы, тізгінді қолға алған аз уақытта атқарылған жұмыстарға қандай баға берер едіңіз? Пайдалануға берілген жаңа мектептер, ашылған балабақшалар орын жетіспеушілікке, үш ауысымға қатысты мәселені шешті ме?

– Жалпы өткен жыл табысты болды. Барлық көрсеткіштер бойынша оң нәтижелерге қол жеткіздік, алға қойған барлық мақсат-міндеттер толық орындалды. Білім – жан-жақты және жүйелі жұмысты қажет ететін күрделі әрі ауқымды сала. Соның маңызды құрамының бірі – қаражат мәселесі. Өткен жылы білім саласына бөлінген қаржы 208 млрд теңгеге жетіп, облыс бюджетінің 50%-ға жуығын құрады. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 17%-ға артық (2021 жылы 173 674,7 млн теңге). Ал биыл 260 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінді.

Аймақта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының саны 680-ге жетті. Жекеменшік балабақшалардың үлесі – 73,5%, 2-6 жас аралығында қамту көрсеткіші – 88,8%, 3-6 жас аралығы 100% қамтылған. Білім беру ұйымдарының құрылысы қарқынды жүргізіліп, 6 жаңа мектеп, 19 балабақша (2 мемлекеттік, 17 жеке), 1 Оқушылар үйі (Жалағаш ауданы) пайдалануға берілді. Бұған 6 мектепке күрделі жөндеу жүргізілінін қосынды. Оған облыстық бюджеттен 2,1 млрд теңге қаралды.

Биыл Жаңақорғанда 300 орындық «Майбекет», Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі 250 орындық, Шиели ауданы Байсын ауылында 250 орындық, Қызылорда қаласы «Бөйтерек» шағын ауданында 600 орындық мектептерді пайдалануға беру жоспарлануда. Сонымен қатар, Шиели ауданындағы Жансейіт елді мекенінде 100 орындық мектеп құрылысы басталады. Жоспарға сәйкес ауылдардағы 47 мектеп жаңғыртудан өткізіліп, 51 мектепке пәндік (физика, химия, биология) кабинеттер алынады. Бүгінде балаларды жалғатқан ажыратып, кітап оқуға ынталандыру – көптің көкейіндегі мәселе. Биыл облыстық бюджеттен бөлінген 120 млн теңгеге 70 ағалық бойынша 45 мыңға жуық көркем әдебиет алуы жоспарлауда.

– Апатты, үш ауысымды мектептер проблемасы бірнеше жылдан бері күн тәртібінен түспей келе жатыр. Мемлекет басшысының бастамасымен қабылданған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы біздің өңірдегі бұл түйткілі түбегейлі шеше ме?

– Былтыр апатты деп танылған 6 мектептің үшеуінің мәселесі шешімін тапты, ал қалған 3 мектеп «Жайлы мектеп» жобасы аясында салыныпты болады. Бүгінгі күні демеушілердің өз қаражатына салынған жеке мектептердің желісі 22-ге жетті. Алдағы үш жылда инвестор есебінен тағы 12 мектеп құрылысы жүргізілмек.

Мектептерде жыл сайын орын тапшылығы туындайды. Қажеттілікті ескере келе, қаладағы Абай

мектебіне 550, №101 мектепке 375 орынға лайықталған қосымша құрылыс жұмыстары басталды, оларды биыл табыстаймыз. Оған қоса облыс орталығындағы бала саны көп №3 ишейтегі 375, №264 мектепке 550 орындық қосымша ғимарат құрылысын жүргізу жоспарлануда.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте білім алуына жағдай жасау үшін қолға алынды. Жаңа айтып өткен 3 мектеп осы жоба аясында салынатын болады. Алдағы 3 жылда облыста 15100 орынға арналған 21 заманауи мектеп салынады. Қызылордада 8, Аралда 4, Қазалыда 2, Қармақшыда 2, Жалағашта 1, Сырдарияда 1, Шиелиде 1, Жаңақорғанда 2 мектеп құрылысы жүреді. Биыл – ұлттық жобаның басталатын жылы, яғни 10 мектеп бой көтереді. Жобаның жалпы құны – 100 млрд теңге. Бұл – тәуелсіз ел тарихындағы білім саласындағы ауқымды әрі ірі жоба.

– Баланың өмірін, қауіпсіздігін қорғау үшін енгізілген стандарттар уақыттың талабынан туындағаны мәлім. Бала саны көп мектептерде мұғалім әр оқушының ізінен жүрмейтіні аян. Қауіпсіздікті бақылайтын құрылыстар орнату ісі қай деңгейге жетті?

– Біз үшін бала өмірі, оның қауіпсіздігі маңызды. Бүгінде облыстағы барлық білім беру ұйымдары бейнебақылаумен 100% қамтамасыз етілген. Құрылыстардың санын толықтыру және жөндеуді қажет ететін бейнебақылау жүйесіне өткен жылы 35 мектепке 250 млн теңге бөлінсе, осы жылы 35 мектеп, 28 балабақшаға

құрылымын қолдау» қоры есебінен типтік мектептер-интернаттар, лагерьлер, Оқушылар үйі мен Өнер мектебі және қосымша білім беру ұйымдарының құрылысын салуға салалық министрлікке ұсыныс берілді.

Үкімет басшысы Әлихан Асханұлы Смайыловтың облысқа іссапары барысында қаланың сол жағалауында дарынды балаларға арналған 400 орындық физика-математика интернатын салу мәселесі талқыланды. Сметалық құжаттары дайын. Құрылысын салу жоспарланған отыр.

Түрлі әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан балаларды қолдау үшін өткен жылы жергілікті бюджеттен жалпыға міндетті оқу қорына 3,8 млрд теңге бөлінді. Оның 1,2 млрд теңгесі бір реттік қаржылай көмек көрсетуге жұмсалды, яғни 34743 балаға 37389 теңгеден берілсе, 2,5 млрд теңгесі ыстық тамаққа қаралды. Қалған қаржы балалардың сауықтыру-тынығу бағытындағы шараларға жұмсалды.

Облыс әкімінің тапсырмасымен биылғы 9 қантардан бастап 1-4 сыныпта білім алатын 55901 бала тегін ыстық тамақпен қамтылуда. Бұл мақсатта бөлінген қаржы 5,1 млрд теңгені құрайды. Бұл аймақ бойынша биыл алғаш рет жүзеге асырылып отыр.

Президент тапсырмасына сәйкес, жастарды кәсіптік біліммен қамту көрсеткіші жыл сайын артып келеді. Былтыр республикалық бюджеттен 1600, облыстық бюджеттен 3108 мемлекеттік тапсырыс (грант) бөлінсе, биыл бұл бағытта 4668 (республикалық бюджеттен 1560, облыстық бюджеттен 3108) грант бөлініп отыр. 2025 жылы мемлекеттік тапсырыс

жабдықтар алынады деп күтілуде.

– Қазіргі уақытта ротация жүріп жатыр, аттестация туралы да айтылуда. Мәртебесі биіктеген мамандық иелерінің біліктілік көтерудегі қызығушылығы қандай?

– Кейінгі жылдары мұғалім мәртебесін көтерудің барлық алғышарттары жасалып, материалдық-құралдары аясы кеңейіп келеді. Президент тапсырмасына сәйкес, 2020 жылдан бастап ұстаздар жалақысы артты. Биыл тағы 25 пайызға көбейді. Былтыр бұл мақсатқа 52,4 млрд теңге бөлінсе, биыл 83,7 млрд теңге қаралып отыр.

Білім беру жүйесіне ротациялау тәртібін енгізу – уақыт талабынан туындаған міндет. Өткен жылы білім беру ұйымын 7 және одан көп уақыт басқарған 56 білім беру ұйымының басшысы ротацияланды.

Былтырдан бастап педагогтерді жұмысқа қабылдаудың жаңа тәртібі енгізіліп отыратын. Нәтижесінде бүгінгі күнге дейін мектептерге 153 маман жұмысқа қабылданды.

Білім берудің үздік тәжірибесін сақтай отырып, ұстаздардың біліктілігін көтеруді лайықты жалғастырамыз. Былтыр өңірде 7610 педагог біліктілігін арттыру курсынан өтсе, биыл тағы да 8 мыңға жуық ұстаз біліктілігін арттырмақ.

Ұстаздардың біліктілігін арттырудың тағы бір критерийі – аттестация. 2022 жылы 700 педагог (педагог модератор – 299, педагог сарапшы – 282, педагог зерттеуші – 119, педагог шебер – 0) аттестациядан өтті.

– Өткен оқу жылы пандемиядан кейінгі тәуелсіздік жұмыс режиміне көшкен кезең болды. Онлайн оқудың амалсыз шара екенін



бейнебақылау орнатуға 453,6 млн теңге қаралды. Жергілікті бюджеттен 170 мектепке дабыл түймесін орнатуға 97,1 млн теңге бөлініп отыр. Осылайша, 100% қамтамасыз етілетін болады.

– Ұлттық жоба өз алдына, білім саласына жетіспейтін инфрақұрылым мәселесі тек мектеп салумен шешілетіні анық. «Жайлы мектеп» басқа тағы қандай бағдарламаларға арқа сүйей аламыз?

– Қосымша «Білім беру инфра-

саны 600 орынға, яғни 28 пайызға артатын болады.

Аймақта «Жас маман» жобасына көлік, ауыл шаруашылығы, құрылыс, сервис бағыттары бойынша 9 колледж қатысып, заманауи жабдықталды. Бұл мақсатта республикалық бюджеттен 2,7 млрд теңге қаржы бөлініп, 284 арнайы техника мен құрал-жабдықтар алынды.

Ал биыл «Жас талап» жобасы бойынша өңірміздегі 5 мемлекеттік колледжде техника мен құрал-

бәріміз түсіндік. Дәстүрлі оқу форматына көшкенде оқушылардың білім сапасына, мұғалімдердің жұмысына не байқалды?

– Педагогтеріміз республикалық, облыстық сайыстарда үздік шықты, лайықты марапаттарын алды. «Үздік педагог-2022» республикалық байқауына қатысқан 4 ұстазымыз тарихта алғаш рет үздіктер қатарынан көрінді. Ал облыстық байқауда жеңімпаз атанған алты ұстазға 918 мың теңгенің сертификаты табысты.

Білімді әрі білікті өрендер ғана биік мақсатқа жете алатынын және көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар ғана елді алға бастайтынын ескерсек, есірткіге елітудің болашағы бұлыңғыр, ертеңі қараңғы. Дәл осы заман елімізде есіз әрекетке елітіп, қоғамның қаупін арттыратын кезең емес. Біздің қоғамда жастар адал еңбекті бағалап, рухы биік, санасы сергек болуы тиіс. Елге тірек болу –

әрбір жастың мұраты. Жаңа заманның жақсы қасиеттерін бойға сіңіре отырып, жаһандандудың жағымсыз әсерлерін де естен шығармай, өз күш-жігеріміз бен білімімізді, танымымызды идеяларымызды ел игілігіне арнастық. Мемлекетіміз қауіпсіз, жастары жанынды, ертеңі гаяжай болсын десек, бәріміз «Есірткіге жол жоқ!» деп айтуды үйреніңіз.

#есірткігеарсы, #противнаркотикиков

Әбілмәсір ХАЛИДУЛЛАЕВ,
№145 «Бірқазан» орта мектебінің
8-сынып оқушысы

«Жоқ!» деп айтуды үйрен

Жас достар, сіздерге Жаңа Қазақстанның жас патриоты өркеніетті қоғамның қатерлі дертіне айналған нашарлыққа қарсы өз үндеуін жариялайды.

Қазақ елі сан ғасырлық жаугершілік заманның жігері мен қайсар рухының арқасында осынау кемелденген күнге шыдам мен табандылық арқасында қол жеткізгені белгілі. Ата-бабамның арманы – жолбарыстай қайратты, қырандай алып қанатты жастардың елді алға бастауы, қазақтың көгіне өрмелеп шыққан Алаш ардақтыларының аманаты – елдік рух пен қаракан тән болмыстың

мәңгілік өшпеуі болатын.

Иә, бүгінде өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанып, еліміз қарқынды қадаммен даму үстінде. Бірақ осы көңілде күн қалықтаған бейбіт елімізде қоғамды өзінің қауіптілігімен, қорқынышымен, баянсыз тағдырымен есірткі деген есіз дүние көп жастарымыздың есін алып жатқаны қатты алаңдатады. Есірткі ұғымы ересектердің өмірінен бөлек, мектеп оқушыларының арасына түрлі уытты заттар бейнесінде енгені өкінішті. Қызық үшін байқап көруге ниеттенген әр оқушы тәуелділікке бой алдырып, ата-анасынан

күнделікті ақша сұрауға, ақша болмаған жағдайда рұқсатсыз заттарды алып, арты еріксіз ұрлық жасауға мәжбүр болады. Кешегі сабақта белсенді, өз ортасында белделі бала бүгін өз жанының рахаты үшін уытты заттарға әуестенгені, қылмыс әлеміне қалай бас сұққанын да білмей қалады.

Есірткі – адам өмірінің ғана емес, денсаулығының да ең қауіпті жауы. Оны қолданушы салдары қоғамда қатерлі ісік ауруымен ауыратын адамдар санының артып, жастардың интеллектісі төмендеуіне, жақын жандарының жандарын жаралауға,

тіпті өліміне әкеліп соғады. Есірткіге тәуелділіктің әлеуметтік қауіптілігі қол, нашакорлар саны өскен сайын қылмыстық әрекеттердің көбеюі де бірге өсіп келеді.

Білімді әрі білікті өрендер ғана биік мақсатқа жете алатынын және көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар ғана елді алға бастайтынын ескерсек, есірткіге елітудің болашағы бұлыңғыр, ертеңі қараңғы. Дәл осы заман елімізде есіз әрекетке елітіп, қоғамның қаупін арттыратын кезең емес. Біздің қоғамда жастар адал еңбекті бағалап, рухы биік, санасы сергек болуы тиіс. Елге тірек болу –



КЕЛМЕМБЕТ КЕЛДІБАЙҰЛЫ – 375

Тарих қойнауына үңілсек, халықтың тәуелсіздігі, туған жері үшін қасық қаны қалғанша күрескен батыр, би-шешен, ақын-жырау бабаларымыздың ерлік істері, ел бірлігін нығайту жолындағы батыл әрекеттері аңыз болып айтылады. Әр кезеңде өмір сүрген танымал тұлғалар туралы бағалы деректер әсіресе белгілі бір жыл атауында қайта жаңғырып отырады.

Келте тонды Келмембет батыр

Дүниеден өткенінше ат үстінде түспеген батырлардың бірі – Келмембет Келдібайұлы. Ел арасында «Келте тонды Келмембет» атпен белгілі болған тарихи тұлға шамамен 1648 жылдары дүниеге келген. Кіші жүз құрамындағы Шөмекей руының Бозғұл аталығынан шыққан. Батырдың өмір сүрген кезеңі қалмақтардың Жайық бойын жаулап алып, Еділге өткен тұсына тура келеді.



Келмембет үш ағайынды болған. Ағалары Үсейін, Қожағелді және өзі үшеуі жастай жетім қалыпты. Күн көру үшін ағайындар байдың малын бағалы. Келмембет жылқы бағалы. Жас жігіт асау аттарды тырп еткізбей бас білдіреді. Бай бұған риза болады.

Бір күні таң алдында сарықасқа бие құландайды. Ол ерекше болады. Кейін ол еңбекқасқы үшін байдан осы құланды сұрайды. Екі жылғы еңбегін де сұрамай, байдан рұқсат алып сарықасқа атпен еліне қарай жол жүреді. Жолай жуан жынғылды түбірімен жұлып алып тақымына басып жүре береді. Біршама уақыт өткенде артына қараса 15 адам сойылмен қуып келеді екен. Деруе алдына қарсы шығып, лезде сойылмен бәрін ұрып құлатып, аман кетеді.

Кейін хан алдағы сәрсенбіде қалмақ қамалына шабуыл жасайтынын біледі. Сол жорыққа сарықасқа тұлпарымен Келмембет те ереді. Қамалды бір жеті бойы ала алмайды. Қар аралас жауынға шыдамай жауынгерлер шаршайды. Осы кезде хан қамалдың алдынан, батысы мен шығысынан үш жақтап шабуыл ұйымдастырады. Бұл кезде Келмембет қасындағы жауынгерімен ту сыртынан шабуыл жасап қамалды бұзады. Содан «Сарықасқа атты сарбаз» атанып кеткен. Жауды жеңіп болғаннан кейін сарықасқа тұлпарымен қамалды бұзған батырды іздейді. Бұл кезде Келмембет батыр бір жерде демалып жатқан екен.

Жауға шабуыл жасап жатқан кезде үстіңгіде тоны термен, жауынмен ұзарып кедергі жасаған соң қылышпен етегін кестіп тастаған. Тоны келте болып қалған екен дейді. Хан қасына шақырып алып, атын сұрайды, «атым Келмембет» дейді батыр. Сонда хан: «Келте тонды Келмембет, келбетіңе рахмет!» деп, оның арқасынан қағалы.

Келдібайұлының үйлене алмай жүрген жағдайын білген хан мол олжамен қатар, үшеуіне екі қалмақ қызын, бір әйел беріпті. Әйелді ағаларына беруге ұялып, үлкен ағасы Үсейінге үзірдің қызын береді. Сондықтан олардан би, байлар

ДАЙБОЛАТУЛЫ

Отбасын жоспарлау жауапкершілікті арттырады

Атам қазақ шаңырақтағы баланың санын санап, шектеу қойған емес. Кешегі кеңестік кезеңде отбасында 10-12 баладан болғанын білеміз. Ал бүгінде жұмысты ғана емес, баланы да жоспармен дүниеге әкелетін болдық.

С. Дәуржан ЕЛУБАЕВ, «Сыр бойы»

Қызылорда қаласында облыстық жастар денсаулығы атты орталық бар. Ондағы мамандар жастарға ақыл-кеңес беріп, салауатты өмір салтын берік ұстауына қолдау көрсетеді. Емдеу-сауықтыру шараларын да жүргізеді. Өткен жылы қажетті кенес алу үшін орталыққа 19 мыңнан астам жас келіпті.

Бағамдап қарасақ, өмірге дені сау бала әкелу – үлкен жауапкершілік. Мәселен, алкогольді тұтынумен шылым шегу адам денсаулығына зиян тигізумен қатар, құрсақтағы шаранаға кері әсер етеді. Сондықтан жастар зиянды әдеттерден мейлінше аулақ болу керек. Тағы бір айта кететін жайт, дәрігерлер бала жоспарлау алдында ерлі-зайыптың арнайы алгоритмді әзірлейді. Осы арқылы кез келген ауруды ерте анықтап, емделуге мүмкіндік болады, – дейді №1 калалық емхананың

психолог маманы Мөлдір Әбдірейова. Расында, өмірге дені сау ұрпақ әкелу ата-анаға тікелей байланысты. Отбасын құрғысы келетін жастардың негізгі мәселелеріне назар аудару орталықтың басты міндетіне жатады.

Орталықтың негізгі бағыты – жастарға кездесетін әртүрлі дерттің алдын алу. Бізге 10-29 жас аралығындағы кез келген жас жүгіне алады. Ең алдымен отбасын құрғысы келетін жастарды толықтай профилактикалық тексеруден өткіземіз. Орталықта гинеколог, уролог, дерматолог, психолог мамандар жұмыс істейді. Олар әрбір келушіні жіті тексеріп, қажетті кеңес береді. Дұрыс тамақтанбау, қимыл-қозғалыстың аздығы және ағзаға керекті дәруменнің жетіспеуі салдарынан көптеген аурулар пайда болады.



Бұл бала жоспарлап жүрген жандарға әсер етпей қоймайды. Сол себепті отбасын құрғысы келетін әрбір жас міндетті түрде денсаулығын тексертіп, дәрігерлерден кеңес алуы қажет, – дейді облыстық жастар денсаулығы орталығының валеолог маманы Гүлназ Мақожа. Өңірлік коммуникациялар қызметі мамандарының ұйымдастыруымен өткен көшпелі брифингте дәрігер мамандар осындай пайдалы ақпараттарды бөлісті.

Өмір деген бір жаһан еткен жасын ба?

Ол жас та болса, орамды ой, тартымды сөзімен айналсын жанына жинап, маңызды мәселелердің шешімін табуға атсалысып жүретін. Қарапайым етегіп, халықтың қамқоршысы бола білген қимас бауыр, шәкіртіміз Жәнібек Жаркынбайұлының өмірден өткеніне көңіл әлі сенбітін сияқты.

Өмір деген бір жаһан еткен жасын ба? Әлде есікті жауып, қайта ашу ма? Іздесен де таба алмайсың, бүгін жоқ, Кеше ғана жүрген жандар қасында.

Уақытта өтіп жатқан жоқ тыным, Қайтеміз біз дүниенің көптігін. Жанымызда құлдықдай боп жарқырап, Кеше ғана жүрген жандар жоқ бүгін. Өкінішті, әрине, жанымызда құлдықдай боп жарқырап жүрген Жәнібек баламыздың қапыл қазасы жанымызға батады. Қаралы хабар Қазалы қаласы жұртшылығына ауыр тиді. Жүрегіміз сыздады, еңсеміз езілді.

Біз қаладағы «Өнегелі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі бола жүріп, онымен жақсы араластық. Біз қарапайым еңбек адамы бола жүріп, көптеген тынымсыз тірліктің ортасынан табылатын. Өзіндік ой-пікір, көзқарасымен баурап алатын.



Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласып, елге ерте танылды. Қаладағы №17 орта мектеп ата-аналар ұйымының төрағасы ретінде аудандық, облыстық деңгейдегі іс-шараларға қатысып, жастар тәрбиесіндегі ой-толғамдарын жеткізетін. Қала жастарының басқосуларында мәселелер көтеріп, кикілжіңге келгендерді ауызбірлікке шақырып жарастырып жіберетін ерекше қабілет-қарымы болатын. Халық қалаулысы болмай-ақ, елдің мұн-мұқтажын ескеріп, аманатты қарапайым ғана тілмен түсінікті етіп, аудандық мінберлерден көтеріп жүрді.

Сол жастарды ұйымдастыру нәтижесінде елдік мәселелерге араласып, талай жанға қолдау көрсетті. Халықтың баспана жайына, жөндеу жұмыстарына

көмек қолын созып, көптің батасын алды. Осындай игі істерге бастамашылығын ескерсе керек, қала жастары Жәнібекке «Жастар жетекшісі» деген атақты да берген болатын.

Оның ұйымдастыруымен қала халқына «Әлеуметтік дүние» ашылып, қызмет көрсетуде. Қаланың шығыс жақ бетінен болашаққа деп жастарға арнап спорт залын салуды жоспарлап жүретін. Алғашқы жұмыстарын бастап та кеткен. Жанына жастарды жылып, халыққа қайырымдылық қолын созып жүрген бауырмыздың әлі де берері көп еді... «Бір мән дүние...»

Жәнібек – мұнай-газ саласынан жоғары білім алған маман. Өз мамандығына сай қаланы газдандыру жұмыстарына да өзіндік қолтаңбасын қалдырды. Айтағын сөзі бар еді: «Мен өз үйімдегі, ауламадағы жұмысты істегеннен гөрі жора-жолдастарымның тірлігіне араласып, соған көмектескім келіп тұрады».

Ең бір өкініштісі – өткен шақпен сөйлейтініміз.

Қазыбай САНИЯЗОВ, зейнеткер-ұстаз, «Өнегелі» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, Өмірбек КҮЛІМБЕТОВ, зейнеткер, аудандық «Семей-Невада» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Қазалы қаласы

ФУТБОЛ

«Қайсар» әзербайжандық клубпен кездесті

Түркия жерінде өтіп жатқан оқу-жаттығу жиыны барысында қызылордалық «Қайсар» Әзербайжанның «Шамақы» клубымен кездесті.

Ойын барысында бас бапкер Виктор Құмықов сынаққа келген футболшылардың шеберлігін таразылады. Олардың барлығы дерлік жасыл алаң төрінен көрінді. Кездесу 0:0 есебімен тең аяқталды. Енді жерлеріміз 16 қаңтарда Косовоның «Балкани», 18 қаңтарда Әзербайжанның «Кяпаз», 23 қаңтарда Сербияның «Раднички» клубтарымен шеберлік байқасады.

Ал, 25 қаңтарда Болгарияның «Локомотив» (София) командасымен ойнаса, 26 қаңтарда сербиялық «Войвадин» жасыл алаңға шығады.

БОКС

Азия біріншілігіне қатысады

Таиланд астанасы Бангкок қаласында 22 жасқа дейінгі жастар арасында Азия біріншілігі жалауын көтереді. Құрлықтық додада қызылордалық Нұрсұлтан Алтынбек те ел намысын қорғайды. Ол 54 келіде шаршы алаңға шығады.

Азия біріншілігінде казахстандық боксшылар 13 салмақ дәрежесінде толық құрамда қатысады. Құрама сапына бұдан бұрын ересектер арасында сынға түсіп жүрген Санжар Ташкенай (48 келі), Даниял Сабит (51 келі), Махмуд Сабырхан (57 келі), Сағындық Тоғамбай (86 келі) сынды боксшылар шақырту алған.

Сондай-ақ, өзге салмақтарда Талғат Сырымбетов (60 келі), Мұхаммедсабыр Базарбайұлы (63,5 келі), Абзал Серік (67 келі), Сабыржан Аққалықов (71 келі), Диас Молжігітов (75 келі), Ерасыл Жақпеков (80 келі), Ерхат Бекзат (92 келі), Аманат Сабырғали (92 келіден жоғары) сынға түседі.

ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ

Үш жыл қатарынан үздік

Өткен жылдың қорытындысымен Қызылорда облысы елімізде тоғызқұмалақтан үздік өңір атанды. Мұндай мәртебеге жергілікті спортшылар үш жыл қатарынан ие болып келеді.

Былтыр қызылордалық тоғызқұмалақшылар ел біріншілігінде 21 алтын, 11 күміс және 14 қола медальға қол жеткізді. Сондай-ақ, Әлем, Азия кубогі мен біріншілігінде 3 алтын, 6 күміс, 3 қола медаль олжаға қайтты.

Облыста тоғызқұмалақпен 1000-ға жуық адам кәсіби түрде айналысады. Олардың арасынан 25-і ұлттық құрама сапында ойын көрсетеді.

Әзірлеген Әділжан ҰМБЕТ, «Сыр бойы»

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз

2022 жылдың 17 желтоқсанында Ысқақовтар әулетінің ақ жаулықты анасы Сүлейменова Мария Сүлейменқызы дүниеден озған еді.

Мария Сүлейменқызы 1936 жылдың 11 шілдесінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Шеруалды ауданы, Темір станциясында дүниеге келген. 1952 жылы Жаңақорған кентінде орта мектепті ойдағыдай бітіріп, 1957 жылы Қызылорда педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша тәмамдаған.

Мария Сүлейменқызы жұбайы Ысқақов Ойыны ағамыздың бірнеше ауданда қызмет істеуіне байланысты 1957-1986 жылдары Қармақшы, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған кенттерінде математика пәнінен сабақ беріп, 30 жылдай ұлағатты ұстаз болып, шәкірттерді білім нәрімен сусындата білді.

Аулы жан облыстық құрметті ардагері, республикаға еңбегі сіңген ауыл шаруашылығының қызметкері, 2 мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен ондаған медальдың иегері болған Ойыны ағамызбен бір шаңырақ астында мағыналы



ғұмыр кешіп, дүниеге екі ұл, үш қызы әкелді. Балларына жақсы тәрбие беріп, отбасының берекесі, ырысы бола білген осындай абзал жанна тәрбие алған балалары да бақытты.

Балдарының бірі жоғары білімді мамандар Үлкен Жанкелді – облыстық мексиках депутатты, мектепті ойдағыдай бітіріп, 1957 жылы Қызылорда педагогикалық институтын математика мамандығы бойынша тәмамдаған.

Мария Сүлейменқызы жұбайы Ысқақов Ойыны ағамыздың бірнеше ауданда қызмет істеуіне байланысты 1957-1986 жылдары Қармақшы, Жалағаш, Шиелі, Жаңақорған кенттерінде математика пәнінен сабақ беріп, 30 жылдай ұлағатты ұстаз болып, шәкірттерді білім нәрімен сусындата білді.

Аулы жан облыстық құрметті ардагері, республикаға еңбегі сіңген ауыл шаруашылығының қызметкері, 2 мәрте «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендері мен ондаған медальдың иегері болған Ойыны ағамызбен бір шаңырақ астында мағыналы

Еске алушылар: Қызылорда аз тонналық мұнай өнділу зауыты ұжымы

Мұралық істің ашылғаны хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2022 жылдың 27 қыркүйегінде қайтыс болған азамат Қайруллаев Алмастын атынан мұралық істің ашылғаны хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

Соңғы король қайтыс болды

Грекияның бұрынғы және соңғы королі II Константин 82 жасында өмірден озды. Бұрынғы монарх инсульт алған кезде Афинадағы үйінде болған. Оған жеті күн аурухананың жансақтау бөлімінде көмек көрсетілді. Жанында әйелі Анна-Мария, балалары және басқа да туыстары болды.

II Константин 1964 жылдан 1973 жылға дейін референдумда монархия жойылғанға дейін билік етті. 1974 жылы грек азаматтарының 70 процентке жуығы монархияға қарсы дауыс бергеннен кейін отставкаға кетті. Өмірінің соңғы жылдары бұрынғы монарх Пелопоннес пен Афинада өмір сүрді.

Зейнетақы реформасына қарсы

Елабе жүргізген зерттеуге сәйкес, Франция халқының 60%-дан астамы президент Эммануэль Макронның 2030 жылға қарай зейнет жасын 64-ке дейін ұлғайтатын реформасына қарсы. Халықтың көпшілігі ел қасиетдеріне өткізуді жоспарлап отырған наразылық акцияларын қолдайды.

Сауалнама көрсеткендей, француздардың 46%-ы заң жобасына наразылық білдіруге дайын, ал 60%-ы наразылық білдіру идеясын қолдайды. Бұл пікір әсіресе, зейнет жасына дейінгі тұрғындар арасында айқын байқалады. Осылайша, 54-60 жас аралығындағылардың 68%-ы наразылық акциясын мақұлдайды.

Ұлыбритания мен Жапония келісімге қол қояды

Ұлыбритания мен Жапония бір гасырдан астам уақытта алғаш рет ірі қорғаныс ынтымақтастығы келісіміне қол қояды. Құжатқа қол қою Лондонда Ұлыбритания премьер-министрі Риши Сунак пен Жапония премьер-министрі Фумио Кисида арасында өтеді. Келісім екі елге бір-бірінің аумағында әскер орналастыруға мүмкіндік береді.

Ұлыбритания премьер-министрі Риши Сунактың кеңесші хабарлағандай, келісім сондай-ақ тараптарға ірі әрі күрделі әскери жаттығулар өткізуге мүмкіндік береді. «Бұл Ұлыбританияның Үнді-Тынық мұхиты аймағында қауіпсіздікті сақтаудағы рөлін күшейтеді» делінген мәлімдемде.

АҚШ конгресі Байденді тексеруді бастады

АҚШ конгресінің өкілдер палатасының бақылау комитеті президент Джо Байденге қарсы процесті бастады. АВС хабарлауынша, комитет Байденнің вице-президент болған кезінде құпия құжаттармен жұмыс ережелерін қаншалықты сақтағанын тексеруде.

Бұған дейін Байденнің Вашингтондағы сараптама орталығындағы кеңесінде құпия құжаттардың табылғаны хабарланған. Материалдарды оның сенімді адамдары 2022 жылдың қарашасында өткен аралық сәйлау алдында тауып алған.

Айта кетсек, бытыр Ақ үйден шығарылған құпия материалдардың сақталуы АҚШ-тың бұрынғы президенті Дональд Трамптың Мар-а-Лагодасы мүлкін тінтуге және оны қылмыстық қудалаумен қорқытуға мүмкін болған.

Әзірлеген Биолет СӨТЖАН, «Сыр бойы»



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.